

**ҚР-ДАҒЫ ШАҒЫН, ОРТА ЖӘНЕ ІРІ  
КӘСІПКЕРЛІК: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ  
МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ, МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚОЛДАУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ**

● *Орындағандар:*

● *Нұрұлы Елдар*

● *Қалмаханбет Нұришат*

● *Сәрсенов Айбек*

● *Отарова Азиза*

● *Туризм, 2 курс. II семинарлық, 215-216 топ*

# Жоспар

- 1. Кіріспе
- 2. Негізгі бөлім
  - 2.1. Кәсіпкерліктің негізгі түрлері
  - 2.2. Шағын және орта кәсіпкерліктің артықшылықтары
  - 2.3. Шағын және орта кәсіпкерліктің кемшіліктері
  - 2.4. Республикадағы шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруда қабылданған заңдар
  - 2.5. ҚР кәсіпкерлікті дамыту мақсатында құрылған қорлар мен қоғамдық ұйымдар
  - 2.6. Қазақстандағы кәсіпкерлік динамикасы
  - 2.7. Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры
  - 2.8. Шағын және орта бизнестің артықшылықтары мен ерекшеліктері
- 3. Қорытынды
- 4. Пайдаланылған әдебиеттер

# КІРІСПЕ

- Кез келген ел үшін шағын, орта және ірі бизнесті дамыту проблемасы ең бір өзекті мәселе. Бұл қосымша жұмыс орындарын құруға жағдай жасайды, қаржы нарығын жандандырады, бәсекелестікке қабілетті орта қалыптастырады, халықтың сатып алу қабілетін арттырады, сондай-ақ ірі бизнестің одан әрі даму мүмкіндігін кеңейтеді.
- Әлемнің көптеген елдеріндегі сияқты біздің Қазақстанда да жаңа идеялардың қайнар көзі іспеттес кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру ісіне айрықша маңыз беріліп келеді. Бүгінде шағын және орта бизнес тек қана кәсіпкерліктің кең өрістеуіне жол ашып отырған жоқ, ол сонымен бірге шағын және орта қалалардың дамуына негіз қалап отырғанын да айтқан жөн.
- Мемлекеттің шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандыруға ден қоюы ірі кәсіпорындардың жедел дамуына қуатты серпін береді. Ірі өндірістерге қарағанда, шағын кәсіпкерліктің бірқатар артықшылықтары бар екенін де айту керек.
- Кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет айрықша мүдделі. Өйткені, осы арқылы қаншама түйінді проблемалардың шешімін табуға болады. Соның ішінде жұмыспен қамту, әсіресе, жастарға жұмыс тауып беру мәселесі шешімін тез табады. Іс жүзіндегі шағын кәсіпорындарда жаңадан жұмыс орындарын құру арқылы және халықтың өз бетінше әрекет етуін кеңейту арқылы мыңдаған адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік туады.

# Негізгі бөлім



# Кәсіпкерліктің негізгі түрлері

Ірі кәсіпкерлік

Орта кәсіпкерлік

Шағын кәсіпкерлік

0 Әлемдік тәжірибе шағын және орта бизнестің экономикадағы рөлі бағалауға келмейтіндей жоғары екенін көрсетіп отыр. Ал мемлекет өмірінің барлық салаларына әсерін тигізеді: **жұмысшылар саны бойынша**, **өндірілетін тауарларының көлемі бойынша**, **орындайтын жұмыстары** мен **көрсететін қызметтері бойынша** жекелеген елдерде шағын және орта бизнес субъектілері маңызды рөл ойнайды. Экономика үшін шағын кәсіпорындардың толықтай қызметі оның икемділігін артырытын маңызды сұрақтар болып табылады. Тіпті, шағын және орта бизнестің даму деңгейіне байланысты, мамандар елдердің өзгермелі экономикалық жағдайға бейімделу мүмкіндіктерін жталдайды. **Қазақстан үшін шағын бизнестің қалыптасуы** жоғары дамыған қоғамға, жоғары дамыған экономикаға өтетін көпір болуы қажет. Қиыншылықтар мен сәтсіздіктерге қарамастан шағын және орта бизнес даму үстінде, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-технологиялық мәселелерді шеше отырып қарқын алуда.

# Шағын және орта кәсіпкерліктің артықшылықтары

□ -қоғамның және халықтың қажеттіліктерін жақсы қанағаттандыруға мүмкіндік береті, өркениетті бәсекелестік нарықтық қатынастардың қалыптасуы;

-ассортименттің кеңеюі мен тауарлар мен қызметтердің сапасының артуы. Тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға ұмтылу арқылы, шағын бизнес қызмет көрсету мен өнім сапасының артуына мүмкіндік туғызады;

-тауарлар мен қызметтердің нақты бір тұтынушыларға жақындауы;

-экономиканың құрылымдық өзгеруіне әсер ету. Шағын кәсіпкерлік экономикаға өтімділік, икемділік береді;

-өндірісті дамытуға халықтың өз ақшаларын тартуы. Шағын кәсіпорын иегерлері өз істеріне өз ақшаларын үлкен қызығушылықпен салады;

-қосымша жұмыс орындарының ашылуы, жұмыссыздық деңгейінің қысқаруы;

-адамдардың шығармашылық мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға, дарындарының ашылуына, әр түрлі қолөнердің дамуына ықпал етеді;



-еңбек қызметіне ірі кәсіпорындар белгілі – бір шектеу қоятын халықтың жекелеген топтарын (үй жұмысымен айналысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер, оқып жатқан адамдар) тарту;

-меншік иелері, кәсіпкерлер, басқарушылардың әлеуметтік қатарларының қалыптасуы;

-ғылыми-техникалық дамуды жандандыру;

-жергілікті шикізат қайнары ірі кәсіпорындар қалдықтары қолдану және игеру;

- ірі кәсіпорындарға комплетелетін бұйымдарды дайындау және жеткізу жолымен, көмекші және қызмет көрсету өндірісін құру арқылы әсер ету;

- арендаға алу немесе сатып алу арқылы төмен рентабельді және тоқыраудағы кәсіпорындардан мемлекетті босату;

осы барлық аталған және басқа да шағын және орта бизнестің экономикалық, әлеуметтік функциялары, оның дамуы ең маңыздылар қатарына жатқызып, экономиканың ажырамас бөлігі ретінде қалыптастырады.

# *Шағын және орта кәсіпкерліктің*

## *кемшіліктері*

*Біріншіден, Қазақстан Республикасындағы күрделі экономикалық жағдай (инфляция, өндірістің құлдырауы, шаруашылық байланыстардың үзілуі, төлемеушілік, несиені пайдаланудағы жоғары пайыз, кәсіпкерлердің құқықтық қорғалуы).*

*Екіншіден, кәсіптіліктің төменгі деңгейі, кәсіпкерлердің өз өздерін теңгеруі.*

*Үшіншіден, халықтың кәсіпкерлерге толық сенімнің болмауы.*


*Төртіншіден, шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың әлсіздігі, тіпті, керісінше мемлекеттік органдардың жиі араласуы.*

*Бесіншіден, қазіргі заманға сай ақпараттардың жеткізілуі, құрал – жабдық, технологияның болмауы, күрделі есеп беру жүйесінің және арендалық төлем құнының жоғары болуы.*



- “Қазақстан-2030” стратегиясының логикалық жалғасы іспетті “Индустриялық даму” басымдығын әйгілеген “2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму Стратегиясы” өмірге келді. Осы құжатта мемлекет қызметінің осы сала бойынша негізгі және концептуалдық бағыттары кеңінен қарастырылған. Дәл уақытты белгілей отырып, мемлекеттің ресурстарын нақты іске шоғырландыруға мүмкіндік беріп отырған Стратегия Қазақстанның дамуына жаңа серпіліс әкелді.


# Республикадағы шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруда қабылданған заңдар




- Соңғы жылдары шағын және орта бизнесті дамыту мен кәсіпкерлік қызметті қолдау бойынша бірқатар шаралар әзірлеген болатын. Ол өзінің нәтижесін берді, статистиктердің айтуы бойынша, тіркелген кәсіпкерлердің санының артуы, жұмыспен қамтылған халықтың үлесіне де әсерін тигізген. Шағын кәсіпорындардың өнім өндірудің жалпы көлеміндегі үлес салмағы артып келеді. Шағын және орта бизнестің ролінің артуын кәсіпкерлер форумының тұрақты жүргізілуі шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының құрылуы, барлық екінші деңгейлі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие берудің минимал мөлшерін тағайындауы (банктің несие қоржынының негізгі қарыздан 10 % - тен аз болмау), орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау Агегнттігінің құрылуы, шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша әкімдердің қызметін қатаң қадағалау, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыстарына жағдай жасау және жеңілдіктер беру.




# ҚР кәсіпкерлікті дамыту мақсатында құрылған қорлар мен қоғамдық ұйымдар



1997 жылғы 26 сәуірдегі Үкімет қаулысымен ” Кәсіпкерлікті дамыту қоры” құрылды.



2000 жылғы 17 қарашада Үкімет қаулысымен жарғылық қорына 100 пайыздық мемлекеттің қатысуымен “Шағын кәсіпкерлік жөніндегі Республикалық ақпараттық-көрме орталығы” жабық акционерлік қоғамы құрылды.



- **Кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет айрықша мүдделі.** Өйткені, осы арқылы қаншама түйінді проблемалардың шешімін табуға болады. Соның ішінде **жұмыспен қамту**, әсіресе, **жастарға жұмыс тауып беру** мәселесі шешімін тез табады. Іс жүзіндегі шағын кәсіпорындарда жаңадан жұмыс орындарын құру арқылы және халықтың өз бетінше әрекет етуін кеңейту арқылы мыңдаған адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік туады. Ішкі нарықты энергия тасығыш және басқа да өктем әлемдік коңюктурадан тыс дамытуға мүмкіндік болады. Бюджетке шағын кәсіпкерліктен түсетін салықтық түсімдерді ұлғайту арқылы әлеуметтік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз етуге болады.

ҚР Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы “*Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы*” деп аталатын Жолдауында мынандай негізгі бағыттар айқындалды:

Кәсіпкерлікке кең ауқымды мемлекеттік қолдауды іске асыру, шағын және орта бизнестің тұғырын кеңейту мен нығайту.



Өңірлік әлеуметтік даму мен кәсіпкерлік корпорацияларын құру есебінен экономикалық өркендеудің өңірлік “локомотивтерін” жасақтау.



Жергілікті жерлерде шағын бизнесті өркендетудің ең басты перспективті формасы ретінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру.




Мемлекеттің шағын кәсіпкерлікті дамытуға көп көңіл бөлуі оның оң экономикалық, саяси және әлеуметтік нәтижелер беруіне байланысты. **Шағын кәсіпкерлік:**

Бәсекелік  
ортаны  
қалыптастырады


Рынокты  
отандық  
тауарлар және  
қызметтермен  
толтыруға  
мүмкіндік береді

Халықты  
жұмыспен  
қамтамасыз етеді

# 2012 ж. 1 тамызындағы жағдай бойынша Қазақстандағы кәсіпкерлік динамикасы



*Қазақстанда тіркелген кәсіпорындар саны – 311772, оның ішінде:*




## *Меншік формасы бойынша*





*Тұтас алғанда, Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау төңірегіндегі заңнамалық құжаттары еліміздегі кәсіпкерлік қызмет аясын кеңейтуге барынша қолайлы жағдай жасап отыр. Біздегі бірқатар заңдар мен Жарлықтардың күштілігі мен тиімділігі мықты нарық экономикасын құруға серпін бергендігі дау тудырмайды. Еліміздің белсенді экономикалық саясаты аз уақыт ішінде нарықтың бүкіл талаптарына жауап беретін жүйелі құрылымдарды құруға негіз қалады.*





# ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ

④ **Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры** — бейкоммерциялық қаржы ұйымы. 1997 жылы сәуірде Алматыда құрылған. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасып, дамуын ынталандыру, шағын кәсіпкерлікті қолдауға жұмсалатын мемлекеттік қаржыны тиімді пайдалану мақсатын көздейді. Қордың акциялары түгелдей мемлекетке тиесілі. “Жеке кәсіпкерлік туралы” ҚР Заңына сәйкес қордың негізгі міндеттері: жобалық қаржыландыру; жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуымен кішігірім несие ұйымдарының желісін дамыту; шағын кәсіпкерлік субъектілері 2-деңгейдегі банкілерден несие алған кезде оларға кепілдік беру жүйесін құру; қаржы лизингін дамыту; шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ақыл-кеңес беру, оларды кәсіпкерлікке баулу; шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін сапа менеджменті жүйесін енгізу операцияларын бірлесіп қаржыландырудың кепілді жүйесін дамыту. Қордың барлық облыс орталықтарында аймақтық бөлімшелері, Астана қаласында өкілдігі, 39 аудан орталығы мен облыстық бағыныстағы қалаларда 40 өкілі жұмыс істейді.

- **Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры (ШКДҚ)** Үкіметтің, қазақстандық заңи тұлғалар мен кәсіпкерлердің, халықаралық қаржы ұйымдарының, шетелдік үкіметтік және үкіметтік емес құрылымдардың қатысуымен «Шағын кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдауды күшейту және жандандыру жөніндегі шаралар туралы» [Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы мамырдың 6-сындағы Жарлығын](#) атқару үшін құрылған. Аталған Қордың негізгі қызметі [шағын бизнес](#) жобалары бойынша дербес, сондай-ақ екінші деңгей банктерінде конкурстық негізде Қор қаражаттарын шарттасымды орналастыру арқылы [кредиттер](#) беруге бағытталған. Қорды құру туралы Үкіметтің қаулысында Қаржы министірлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментіне 1997 жылдың Імаусымына дейін банктік емес қаржы мекемесі ретінде жабық тұрпаттағы [акционерлік қоғам](#) нысанында Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру табысталынған болатын.



Қазақстанда шағын бизнесті дамыту бағдарламасы бойынша шағын кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы секторы үшін халықаралық қаржы институттарының кредиттік желісі;

Бюджеттік қаражаттардан шағын кәсіпкерлік субъектілерін (соның ішінде әйел кәсіпкерлігін) кредиттеу бағдарламасы ;

**\* Қор іске асыратын бағдарламалар:**



# Шағын және орта бизнестің артықшылықтары мен ерекшеліктері.



- **Көптеген адамдардың ойы бойынша,** нарыққа тек ірі капиталы бар кәсіпорындар ғана қол жеткізулері мүмкін, ал шағын және орта кәсіпорындар үшін орын жоқ. Басты аргумент ретінде шағын бизнестің қуатты ірі компаниялармен бәсекелестікке түсе алмайтындығы. Ал, егер дұрыс тұрғыдан қарастырсақ, шағын бизнестің тиімді бәсекелес болуының бірнеше себебін көрсетуге болады. **Біріншіден,** шағын кәсіпорындар үшін 0,5 – 1 жыл ішінде өздерінің стратегияларын өзгерту қиындық тудырмайды, ал ірі кәсіпорындар үшін 5 – 6 жыл қажет. **Екіншіден** көпшілігі қателесіп инновация ірі кәсіпорындардан жүреді деп ойлайды, ал статистика болса, Екінші Дүние Жүзілік соғыстан кейін 95 % инновациялық технология шағын және орта бизнес сфераларынан шыққанын көрсетіп отыр. Шағын кәсіпорындардың ірі кәсіпорындарға қарағанда капиталының күйіп кету тәуекелі төменірек, және де әртүрлі инновациялық технологияларды енгізуден қорықпайды.

# ҚОРЫТЫНДЫ

- **Сонымен, көріп отырғанымыздай,** ойланып ұйымдастырылған шағын және орта бизнес саясаты стагнациялық экономикадан шығудың балама жолы бола алады, өйткені ол екі макроэкономикалық проблемелармен байланыстырады – жұмыспен қамту және өндірістің жандануы. Шағын кәсіпорындар экономикаға барлық көрсеткіштер бойынша өзгерістер алып келуі мүмкін. Өзін жұмыспен қамтуды ынталандыру және шағын кәсіпорындар ашу ең аз шығынмен жұмыссыздық мәселесінен шығатын жол ретінде қарастырылады. Соңғы он жылдықты дамыған елдердегі экономиканың даму тенденциясы шағын бизнес саласына өтумен байланысты. Осы салаға бәсекелестікті ынталандыру, кәсіпкерліктің жандануы, қоғам ресурстарын толығырақ қолдану және инновациялық процесті күшейту сияқты негізгі үміт арттырған. Батыс елдерінде шағын бизнес тиімді дамуды қамтамасыз ету және мемлекеттік экономикалық саясатты қосу саласына айналған. Мемлекеттік протекционистік шағын бизнестің нақтылануы қажет еткен, адресілігін, жеңілдіктер тек шағын кәсіпорындарға берілетін. Жалпы сипаттамасы ұйымдастырылуының қарапайымдылығы, жаңа өнім шығаруға тез бейімделе алуы, нарыққа қызмет ету, яғни нақты тапсырыстармен сатуға, сондай – ақ шағын кәсіпорындарды басқару және меншікті біріктіру дәрежесі болып табылады.

# Пайдаланылған әдебиеттер

1. Арынов.Е.М. «Қазақстандағы экономикалық реформалардың стратегиясы». Алматы,1994. 51.56.б.б.
2. Байжұмаев.Б.Б. «Купондық үлесті есептеу методикасы» //Алматы, ҚазМУ хабаршысы. 1997,5.
3. Жатқанбаев.Е.Б. «Аралас экономика қалыптасу кезеңдері». Алматы: Қазақ университеті, 1992. 51, 67 б.б.
4. Қошанов.А.Қ. және т.б. «Меншік және меншік иелері». Панорама, 1992, желтоқсан, арнаулы саны.
5. ҚХР шаруашылық жүйесін реформалау. М,1989, 196-202 б.б.
6. Қазақстанның 2030 ж. дейінгі стратегиялық дамуы. Алматы, Қазақ университеті,1997, 211бет, 8-16 беттер.
7. 1996-1998 жж. Экономикалық құрылымдарды жетілдіру бағдарламасы 1.2 ж. 3.5. баптары.
8. Н.А.Назарбаев. «Реформаларды түбегейлендіру, жалпыұлттық келісім арқылы жаңарған Қазақстанға. Алматы. «Қазақстан» 1994 ж.
9. Приватизация туралы//Экономика и жизнь, 1992 .3.33 стр.
10. Қожахметова.А.А «Ауыл шаруашылық жерлеріне жеке меншік құқығының кейбір мәселелері». ҚазМУ хабаршысы. 3.16.



❖ *Назарыңызга*

*рахмет!*